

ҚАҺАРМАНДЫҚТЫҢ ҮЛГІСІ



Сұрапыл соғыс жылдарында майданға жөнелтілген әрбір төртінші оқ Жезқазған мысынан құйылды. Жезқазған кен басқармасы, Қарсақбай мыс қорыту заводы, Байқоңыр көмір орны 1943 жылы 10 көкекте Жезқазған кен-металлургия комбинаты болып құрылды. Жезқазғанда № № 1, 7, 13, 26, 34 шахталар және жанадан іске қосылған № 31/32, Петро, Покро шахталары қызу қарқынмен жұмыс атқарды. 1942 жылы мыс өндіру 4 есе, 1944 жылы 5 есе өсті. Кен орындары мен заводтарда ерлердің орнын әйелдер мен жасөспірімдер алмастырды. Соғыс басталған соң Қарсақбай заводынлағы барлық жұмысшылардың үштен бірін әйелдер құрайтын. Байқоңырда № 4 шахтада Н. Жаңқабылова басқаратын кешенді забойшылар бригадасы ұйымдасып, Жезқазғай кенішінде Қ. Иманбаева дәрі атушы, Ұ. Мәуешова вагонетка аударушы, Қарсақбай мыс заводында флотаторлар Макеева, Репина, Неплохова, электромонтер Низамутдинова, турбина машинисінің көмекшілері Хмелева, Горохова, Киреева, Коварова, электровоз машинисі Сафина сияқты көптеген әйелдердің ерен еңбек үлгісін көрсеткенін тарих

беттерінен көруге болады. Аса жауапкершілікті керек ететін жұмыс орындарына ең үздік жұмыскерлер жіберілді. Партия мүшелері Көккөзов, Манукян, Питерский, комсомол мүшесі Лобанов мыс қорытушылардың ауысымын бастады. Байыту фабрикасында соғыстың алғашқы жылдарынан-ақ Кривоногов, Тютиков, Матюшин ауысымдары қарқынды еңбек үлгісін көрсетті. Metallургтерарасында ауыр әрі жылдам мыс қорыту үшін қозғалыс өрістеді. Байқоңыр көмір орындарында Жұмағұлов, Қарағожанов, Сеилов, Ысқақов, Бекеев, Есентаев, Тлесов, Байтілеуов, Бергенов тағы басқа секілді жұмысшылар көзге түсті. Коммунист Анарқұлов, Васин, Жалмағанбетов, Сакенов бастаған шахта ұйымдары өз тапсырмаларын асыра орындады. Көптеген қарапайым жұмысшылар тыл гвардияшылары деген құрметті атақты жеңіп алды. 1942 жылы 22 ақпанда № 12 шахта бұрғышысы, Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің депутаты А.Сафин бір перфоратормен бір ауысымда 1400 тонна кен қопарып, өз жоспарын


3800 процентке орындады. Өзінің бір күндік табысы 1200 сомды Қорғаныс қорына аударды. Сафинның аса жоғары көрсеткіші Аймақанов, Айгелов, Ақшалов, Болбышев, Биболатов, Байкенеев, Есенов, Қазбеков, Битабарова, Гиниатуллин, Шаталюк, Отызбаев секілді жұмысшыларға үлгі болды. 1943 жылдың қыркүйек айында Қарсақбай мыс заводында жаңадан пеш іске қосылып, алғашқы штейн пайдалануға берілді. Еңбек өнімділігін арттыруда Оралдың атақты кеншісі, Кеңес Одағы Мемлекеттік сыйлығының иегері Илларион Янкиннің 1943 жылдың аяғында Жезқазғанға келіп, көп перфораторлы бұрғылау әдісін үйретуі көп әсер етті. 1944 жылдың 3 қаңтарында № 32 шахтада И.Янкин 5 перфоратормен үш-төрт сағатта алты меже орындады. Осы кезеңнен бастап жезқазғандық бұрғышылар стахановшының тәжірибесін қолдана бастады. 20 қаңтарда-ақ № 31 шахта бұрғышысы Павел Шаталюк екі перфоратормен алты ауысымдық межені, ал 25 қаңтарда бұл көрсеткішті асыра орындады. № 32 шахтаның бастығы Ы. Анарқұлов

алғаш рет телескопты бұрғылау жмысын жүргізіп, нәтижесінде жоспарын екі есе орындады. Петро шахтасында кеншілер дайын шихтаның 6 погонды метр көлемінде бұрғылау жұмыстарын жүргізді. Жезқазған кенішінің бастығы Ө. Байқоңыров және бас инженер Г. Толкушев проходкалық жұмыстарды жаңаша ұйымдастырып, қомақты табыстарға жетті. Бұрғышы Б. Аймақанов алғаш рет терең бұрғылау әдісімен 566 кубометр кен қопару арқылы межесін 4000 процентке жеткізіп, бүкілодақтық рекордты нәтижеге ие болды. Бір ауысымда атақты бұрғышы 40 адамның жұмыс мөлшерін атқарды. Оның күндік табысы 1120 сомға жетті. Соғыс аяқталған соң 1946 жылы Б. Аймақанов І-дәрежелі Отан соғысы орденімен және «1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысында ерлік еңбегі үшін» медалімен марапатталды. Жезқазғандықтар Қорғаныс Комитетіне қомақты қаржы аударды. Қарсақбай заводы Жезқазған кенішінің ұжымдары Қазақстанның барлық түсті металлургия қызметкерлеріне арнап үндеу қабылдап, өздерінің қаржыларына «Қазақстан металлургия» танк колоннасын жасауға шақырды. Нәтижесінде қазақстандық кеншілер 8 миллион сом қаржы жинады. Сондай-ақ олар «Жезқазған кеншісі», «Жезқазған чекисі» әскери самолеттерін, «Жезқазған комбинатының комсомолы» және «Қазақстан пионері» танк колонналарын жасауға ат салысты. Жезқазғанлықтар майдандағы әскери бөлімшелерге, жауынгерлердің отбасылары мен соғыс мүгедектеріне, жерлес жауынгерлерге киім-кешек, аяқ-киім, азық-түлік тұрақты түрде жіберіп тұрды. Еңбек майданындағы жеңіс инженерлік-техникалық қызметкерлер, жұмысшы және басқа да қызметкерлердің әр қайсысының тер төгіп еткен еңбегі арқылы жүзеге асты. Ө. Байқоңыров, О. Дүйсембаев, Б. Байжанов,



Қазығұлов, А. Харченко, Г. Матвеев, механиктер Ж. Баймұқанов, В. Шутлов, шихта бекітушісі И. Панин, А. Сәлімов, бұрғышылар У. Битабаров, З. Түсіпбаев, О. Айтенов, А. Жанғабылов, Т. Дүрментәев, Шакиров, строгалшы Глазун, электр дәнекерлеуші Е. Галушко, экскаватор машинисі И. Володько, қарсақбайлық мыс балқытушылар М. Жүсіпов, И. Құлжаиов, паровоз машинистері Даутов, Рыбалко, Таңқыбаев, байқоңырлық бұрғышылар С. Жұмағұлов, М. Атығаев, К. Рақметов, Үлкенбаев тағы басқа көптеген еңбек иелерін атап өтуге болады. Тылдағы Жезқазған жұмысшылары осылайша қаһармандық еңбектің үлгісін көрсетті.

Ш. ТӨЛЕГЕНОВА,
қалалық тарихи
археологиялық
музейдің қызметкері.



Суреттерде:

- Атақты бұрғышы Балмақан Аймаханов.
- № 32 шахтаның бастығы Ысқақ Анарқұлов.
- № 32 шахтаның сыртқы бейнесі. 1941 жыл.